

"Тағылымдамадан өткен және адвокаттық қызметпен айналысуға және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 56 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 18 қарашадағы № 1055 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 28 қарашада № 14466 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2020 жылғы 28 мамырдағы № 62 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Әділет министрінің м.а. 28.05.2020 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін) бұйрығымен.

"Адвокаттық қызмет туралы" 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-2-бабын және "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-2-бабын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Тағылымдамадан өткен және адвокаттық қызметпен айналысуға және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 56 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10269 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

осы бұйрықпен бекітілген Тағылымдамадан өткен және адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидасында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адам тағылымдамадан өткеннен кейін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзін аттестаттауға жіберу туралы өтінішті мына құжаттармен бірге:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттаудан өту үшін мәліметтер нысаны;

2) наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден үміткердің тұрғылықты жері бойынша, оларды әділет органдарына ұсынғанға дейін бір

айдан аспайтын мерзімде берілген анықтамаларды (порталға жүктеу кезде құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады) қоса бере отырып, тұрғылықты жері бойынша аумақтық әділет органдары арқылы комиссияға жібереді.";

1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы бұйрықпен бекітілген Тағылымдамадан өткен және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидасында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адам тағылымдамадан өткеннен кейін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзін аттестаттауға жіберу туралы өтінішті мына құжаттармен бірге:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттаудан өту үшін мәліметтер нысаны;

2) наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден үміткердің тұрғылықты жері бойынша, оларды әділет органдарына ұсынғанға дейін бір айдан аспайтын мерзімде берілген анықтамаларды (порталға жүктеу кезде құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады).";

3) заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілінің болуын растайтын құжаттың көшірмесін, ал түпнұсқасы салыстыру үшін берілмеген жағдайда нотариат куәландырған көшірмесін (порталға жүктеу кезде құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады) қоса бере отырып, тұрғылықты жері бойынша аумақтық әділет органдары арқылы комиссияға жібереді.";

1-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеу қорытындысын алған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі

М. Бекетаев

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

2016 жылғы 18 қарашадағы

№ 1055 бұйрығына 1-қосымша

Тағылымдамадан өткен және

адвокаттық қызметпен

айналысуға үміткер адамдарды

аттестаттаудан өткізу

қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Адвокаттық қызметпен

айналысуға үміткер адамдарды

аттестаттау жөніндегі

комиссияның төрағасына

кімнен _____

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің

аты (болған жағдайда), жеке

сәйкестендіру нөмірі)

мекен-жайы _____

(пошталық индексі, облысы, қаласы,

ауданы, (елді мекені, көше атауы,

үй/ғимараттың нөмірі)

Аттестаттауға жіберу туралы өтініш

Маған адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттаудан өтуге рұқсат етуіңізді сұраймын.

Осымен:

шынайы мәліметтер ұсынғаным үшін дербес жауап беремін; көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға аттестаттаудан өтуге рұқсат беру немесе бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге мүмкін болатындығы; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады; өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде

қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға _____ күні: _____
(қолы) (Т.А.Ә. (болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2016 жылғы 18 қарашадағы
№ 1055 бұйрығына 2-қосымша
Тағылымдамадан өткен және
адвокаттық қызметпен
айналысуға үміткер адамдарды
аттестаттаудан өткізу
қағидаларына 2-қосымша

Адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттаудан өту үшін мәліметтер нысаны

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі)

I. Диплом туралы мәлімет:

1. жоғарғы оқу орнының атауы _____

2. мамандықтың шифрі _____

3. дипломның нөмірі _____

4 дипломның берілген күні _____

5. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нострификациялау және тану рәсімдерінен өткенін растайтын құжат

1. сериясы және нөмірі:

2. негіздеме: күні және нөмірі _____

3. тіркеу нөмірі және күні _____

II. Тағылымдамадан өткені туралы қорытынды:

1. Тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны бекіту күні _____

2. _____ облысының/қаласының
адвокаттар алқасы

3. тағылымдама жетекшісі _____

4. тағылымдама жетекшісінің адвокаттық қызмет өтілі _____

5. тағылымдаманың басталу күні _____

6. тағылымдаманың аяқталу күні _____

Жеке тұлға _____ күні: _____

(қолы) (Т.А.Ә. (бар болған кезде)

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

2016 жылғы 18 қарашадағы

№ 1055 бұйрығына 3-қосымша

Тағылымдамадан өткен және

нотариаттық қызметпен

айналысу құқығына үміткер

адамдарды аттестаттаудан өткізу

қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Нотариаттық қызметпен

айналысу құқығына Әділет

аттестаттау комиссиясының

төрағасына

кімнен _____

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің

аты (бар болған кезде), жеке

сәйкестендіру нөмірі)

мекен-жайы _____

(пошталық индексі, облысы, қаласы,

ауданы, (елді мекені, көше атауы,

үй/ғимараттың нөмірі)

Аттестаттауға жіберу туралы өтініш

Маған нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттаудан өтуге рұқсат етуіңізді сұраймын.

Осымен:

шынайы мәліметтер ұсынғаным үшін дербес жауап беремін; көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға

аттестаттаудан өтуге рұқсат беру немесе бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге мүмкін болатындығы; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады; өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға _____ күні: _____
(қолы) (Т.А.Ә. (бар болған кезде))

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2016 жылғы 18 қарашадағы
№ 1055 бұйрығына 4-қосымша
Тағылымдамадан өткен және
нотариаттық қызметпен
айналысу құқығына үміткер
адамдарды аттестаттаудан
өткізу қағидаларына 2-қосымша

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттаудан өту үшін мәліметтер нысаны

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі)

I. Диплом туралы мәлімет:

1. жоғарғы оқу орнының атауы _____

2. мамандықтың шифрі _____

3. дипломның нөмірі _____

4 дипломның берілген күні _____

5. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес
нострификациялау және тану рәсімдерінен өткенін растайтын құжат

1. сериясы және нөмірі:

2. негіздеме: күні және нөмірі _____

3. тіркеу нөмірі және күні _____

II. Тағылымдамадан өткені туралы қорытынды:

1. Тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны бекіту күні _____

2. _____ облысының/қаласының
нотариаттық палата

3. тағылымдаманың жетекшісі _____

4. тағылымдаманың басталу күні _____

5. тағылымдаманың аяқталу күні _____

Жеке тұлға _____ күні: _____

(қолы) (Т.А.Ә. (бар болған кезде)